

**Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын 2013 жылы ұсыну туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2013 жылғы 17 сәуірдегі № 122 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 6 мамырда № 4124 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 2-тармағының 7) тармақшасына және 8, 9-тармақтарына сәйкес Федоров ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау шаралары 2013 жылы ұсынылсын.

2. Осы шешімнің күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V I I

сессияның төрағасы

*В. Пашков*

А у д а н д ы қ

мәслихаттың хатшысы

*Б. Бекенов*

КЕЛІСІЛДІ:

"Федоров ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ *В. Гринак*